

Кусаинова Г.С.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан

Шақ категориясының көмегімен ағылшын аспект категориясын (Perfect және Perfect Continuous) қазақ тіліне аудару жолдары

Ағылшын тілінің аспект категориясы қазақ тілі үшін танылмаған және бейтаныс тақырып болып табылады. Қазақ грамматикасында дәл аспект категориясы деген атаумен грамматикалық категория табылмайды. Аспект категориясы әрекеттің уақыт аралығында әрекеттің іштей түрленіп, дамуын сипаттап көрсететін грамматикалық категориясы. Біздің ғылыми жұмысымыздың зерттеу нысандары Perfect және Perfect Continuous болып табылады. Олар аспект категориясының түрлері ретінде беріледі. Аталған аспект категориясын қазақ тіліне мән-мағынасын, берілу формаларын жеткізу үшін біршама қиындықтар туындайды. Сондықтан да біз Perfect және Perfect Continuous аспекттерін қазақ тіліне шақ категориясының көмегімен берілу жолдарын қарастырамыз.

Perfect аспектін жалпы түрде әртүрлі мағынаны білдіре алады. Оның әртүрлі мазмұн межелері бар. Мәселен ресейлік тіл ғалымы Б.А.Ильиш Perfect аспектiнiң негiзгi грамматикалық мағынасын нәтижелiлiк мағынасы ретiнде тұжырымдады [1]. Ағылшын етiстiгi жүйесiндегi Perfect формалардың орны – бұл әр түрлi қарастырылған және көптеген пiкiрталастар тудырған мәселе. Perfect аспектiсi iс-әрекет немесе оқиғаның қарастырылған уақыттан бұрын орын алғанын көрсететiн етiстiктiң тұлғасы болып табылады. Перфект жиi оқиғаның не жағдаяттың өзiне емес, нәтижелiк күйге назарын бөледi.

Ал, Perfect Continuous аспектi созылыңқы iс-әрекеттi, қимылды, оқиғаны бiлдiредi. Perfect Continuous қолданыс аясы бұрын басталған және осы уақытқа дейiн жалғасқан iс-әрекеттердi бiлдiру үшiн орынды. Perfect Continuous аспектi

көбінесе әрекеттің не оқиғаның ұзақтылығына байланысты сұрақтарға жиі жауап береді.

Ағылшын тілінде Perfect қазақ тіліне толық түрде шақ категориясы арқылы беріле алмайды. Ол кейде жедел өткен шақпен және бұрынғы өткен шақпен беріле алады екен: *I have taken the measure of the two women that died last night, Mr. Bumble,' said the undertaker* (Ch.Dickens). Ресми аудармасы: *Мен бүгін түнде қаза болған екі әйелдің өлшеуін алып келдім, мистер Бамбл, — деді табытшы.*

Perfect Continuous аспекті уақыт өткен уақыттың нақты бір кезеңінің ішінде қайталанған іс-әрекеттерді сипаттайды, қазіргі уақытта жалғасатынын және/немесе болашақ уақытта жалғасатын көрсетеді. Ол өткен уақытта басталған және өткен кез келген сәтте аяқталған үздіксіз не созылыңқы іс-әрекет жайлы айтады; бірақ та іс-әрекеттің қазіргі уақытқа біраз қатысы болады. *“The surgeon had been sitting with his face turned towards the fire: giving the palms of his hands a warm and a rub alternately”* (Ch.Dickens). Қазақшаға ресми аудармасы: *Дәрігер камин алдында қолын уқалап, жылынып отырған.*

Мұндағы Perfect Continuous формасындағы *had been sitting* – отырған, -ған есімше формасы, бұрынғы өткен шақ көрсеткіші ретінде тұр. Яғни, бұл сөйлем бұрынғы өткен шақпен берілген.

Жалпы, қазіргі таңдағы қолданыстағы қазақ тіліне аударылған кітаптарда аспекттер дұрыс мағынада жеткізілмеген. Сондықтан, бұл мәселені басқа жағынан қарастыру үшін өткен шақтың ағылшын тілінде берілуін зерттейміз.

1) бұрынғы өткен шақ

Шыңғысханның төрт ұлы болған. Жошы, Жағатай, Үгедей, Төле. Төртеуі әлем қожасы Шыңғысхан жаулап алған жерді төрт ұлысқа бөліп, әрқайсысы бір-бір ұлыстан басқарған (І.Есенберлин) [2].

Ағылшын тіліндегі аудармасы:

Genghiz Khan fathered four sons: Jutchi, Jagatai, Ughedei, and Tuleh. During his lifetime, he had already divided the conquered lands among them, and each one governed his own ulus [3].

«Көшпенділер» шығармасынан алынған *Шыңғысханның төрт ұлы болған* сөйлемінде *болған* -ған бұрынғы өткен шақ формасында тұр. Ағылшын тіліне *fathered* деп аударылған және Indefinite аспекті арқылы берілген. Келесі сөйлемде бөліп (-іп) етістігі бұрынғы өткен шақта қолданылған. Ол ағылшын тіліне *he had divided* деп аударылып, Perfect аспекті арқылы берілген.

2) жедел өткен шақ

Бір мың үш жүз қырық екінші жылы Батудың ұрпағы Алтын Орданы ісләм дініне бағындырған Өзбек хан өлді (І.Есенберлин) [2,8].

Ағылшын тіліндегі аудармасы: ...in 1342, *the Golden Horde's Khan Uzbek died..*[3,13].

Жедел өткен шақ формасында тұрған өлді (-ді – жедел өткен шақтың тұлғасы) етістігі ағылшын тіліне *died* деп аударылған. Яғни қазақ тілінің жедел өткен шақ тұлғасы ағылшын тіліне Indefinite аспектінің көмегімен берілген.

Тағы бір мысал келтірсек: *Батыр Саян жанындағы екі пасбаныменен қашып кетті* (І.Есенберлин) [2,77].

Аудармасы: *The warrior Sayan, who was kept under arrest, has fled together with two guards...* [3,92].

Қазақ тіліндегі қашып кетті (-ті жұрнағы) жедел өткен шақ формасында тұр. Ол ағылшын тіліне *has fled* деп аударылған және екі тілде де аяқталған, жасалып біткен әрекетті білдіреді. Қазақ тілінің жедел өткен шағы ағылшын тіліне Perfect Continuous аспекті арқылы берілген.

3) ауыспалы өткен шақ

Ол Дәшті Қыпшақтағы атақты құсбегінің бірі болатын (І.Есенберлин) [2,18].

Ағылшын тіліндегі аудармасы: *One of the most famous kushbegi, the trainers of hunting eagles and hawks in the entire Desht-Kipchak steppe, was a young sultan* [3,24].

Қазақ тіліндегі *болатын* етістігі ауыспалы өткен шақ формасында қолданылған. Ол ағылшын тіліне *болатын* – *was* деп аударылған. Яғни ауыспалы өткен шақ ағылшын тіліне Indefinite аспекті арқылы берілген.

Perfect және Perfect Continuous аспектерін қазақ тіліне берілу жолдарын қарастыруда, біз оның шақ категориясының (өткен шақ) көмегімен аударылуын зерттедік. Ол үшін ағылшын тілінің әдебиетінен алынған көркем шығармалардан аталған аспектер кездесетін сөйлемдерді таба отырып, оларды қазақ тілінен аудармасын іздедік. Егер мағынасы келмеген жағдайда, біз мәні бойынша өз аудармамызды ұсындық. Байқағанымыздай, Perfect пен Perfect Continuous аспектері қазақ тіліне мағынасы бойынша жеткізіле алмайды. Мәселен Perfect аспекті кейбір ерекше жағдайларда ғана жедел өткен шақтың және бұрынғы өткен шақтың көмегімен беріле алады. Сондай-ақ Perfect Continuous аспекті де егер бір етістіктен құралса, бұрынғы өткен шақты білдіре алады. Ал егер, Perfect Continuous қолданылып тұрған сөйлемде әрекет әлі де процесс үстінде болса, ол қазақ тіліне нақ осы шақтың көмегімен беріле алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Б. А. Ильиш, Современный английский язык, изд. 2-е, 192. 1*
2. Есенберлин Ілияс. Он томдық шығармалар жинағы. Алтыншы том. Көшпенділер. Тарихи трилогия. Бірінші, екінші кітап. – Алматы. «Жазушы», 1986. – 597бет.
3. [97936dbbcf0777869cab1a1af8fca9ee.pdf \(adebiportal.kz\)](https://adebiportal.kz/files/97936dbbcf0777869cab1a1af8fca9ee.pdf)